

## АНЫҚТАМА

### «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

#### 1 күн – «Танысу күні»

1-маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектебімізде «Балдәурен» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінің салтанатты ашылуы өтті. Мереке аясында балаларға қуаныш сыйлау және олардың шығармашылығын шыңдау мақсатында «Біз бақытты баламыз» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарлама барысында оқушылар ән айтып, би билеп, асфальтта сурет салу байқауына белсене қатысты. Сондай-ақ, лагерьге келген балалардың өзара тез тіл табысып, достық қарым-қатынас орнатуы үшін арнайы танысу тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылар түрлі психологиялық ойындар арқылы бір-бірімен жақын танысып, топтарға бөлінді және алғашқы күннен бастап лагерь атмосферасына тез бейімделіп кетті. Шара соңында балаларға тәтті сыйлықтар таратылып, лагерьдің алғашқы күні жоғары көңіл-күймен, сәтті қорытындыланды.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

### «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

#### 2-күн – «Спорт күні»

«Спорт күніне» орай балалардың физикалық белсенділігін арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қызықты спорттық-эстафеталық ойындар ұйымдастырылды. Жарысқа лагерьдің белсенді мүшелері — «Көжектер», «Кемпіркосак», «Жалын» және «Винкс» топтарының балалары өзара бақ сынасты. Эстафета барысында әр топтың оқушылары шапшандық пен ептілікті қажет ететін түрлі кезендерден өтіп, өздерінің ұйымшылдығы мен командалық рухын жоғары деңгейде көрсете білді. Спорттық сайыс өте тартысты, көңілді әрі қызықты өтіп, балаларға ерекше серпін мен ұмытылмас әсер сыйлады. Күн соңында белсенділік танытқан барлық топтар марапатталып, лагерьдің екінші күні сәтті қорытындыланды.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

### «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

#### 3-күн – «Шығармашылық күні»

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагерінде келесі күн «Шығармашылық күніне» арналып, балалардың қиялы мен өнерлерін шындау мақсатында арнайы байқау ұйымдастырылды. Байқау барысында әр топ өздерінің ерекшелігін көрсететін «Топтық ту» жасап, оны жоғары деңгейде қорғап шықты және қазіргі заманауи тренд билерін билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Қазылар алқасының әділ бағалауы нәтижесінде, шығармашылық тапқырлығымен көзге түскен «Көжектер» тобы 1-орынды, ұйымшылдығымен ерекшеленген «Кемпіркосақ» тобы 2-орынды иеленсе, жарқын өнер көрсеткен «Жалын» және «Винкс» топтары жүлделі 3-орынды өзара бөлісті. Шара соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы марапатталып, бұл күн балаларға ерекше шабыт пен зор қуаныш сыйлады.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

4-күн – «Денсаулық күні»

4-күн "Денсаулық күніне" орай оқушылардың салауаттылығы мен белсенді демалысын ұйымдастыру мақсатында балалар «Алан» спорт кешеніне шомылуға барды. Суға шомылып, бір серпіліп қайтқан соң, лагерь қатысушылары мектеп ауласында жиналып, ата-бабамыздан қалған асыл мұра — ұлттық ойындарымызды жаңғыртты. Оқушылар топтарға бөлініп, асқан қызығушылықпен «Арқан тартыс» және «Ақсерек-көксерек» ойындарын ойнап, өзара ептілік пен күш сынасты. Көңілді ойыннан кейін мектеп ауласында таза ауада арнайы пикник ұйымдастырылып, балалар мәре-сәре болып тамақтанып, бір-бірімен әңгімелесті. Бұл күн оқушылардың денсаулығын шындап қана қоймай, оларға ұлттық құндылықтарды сезіндірген, ұмытылмас ерекше күн болды.




Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

5-күн – «Тілдер күні»

5-күн "Тілдер күніне" орай лагерьде балалардың рухани ой-өрісін кеңейту және ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында кітапханашы апаймен бірге тағылымды әдеби сағат өтті. Әдеби сағат барысында оқушылар қызықты кітаптармен танысып, шығармашылық ізденістерін көрсетті. Сонымен қатар, бұл күні балалардың бойындағы ұлттық рухты жандандыру және белсенділігін арттыру мақсатында таза ауада ұлттық ойындар ойналды. Оқушылар асқан қызығушылықпен топтарға бөлініп, «Арқан тартыс» және «Аксерек-көксерек» ойындарында өзара күш пен ептілік сынасты. Рухани азық пен спорттық ойындар ұштасқан бұл күн балаларға зор қуаныш пен ұмытылмас әсер сыйлады.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

6-күн – «Экология күні»

6-күн "Экология күніне" орай лагерьде балаларды еңбекқорлыққа баулу, табиғатты аялауға үйрету және мектеп қоршаған ортасын көркейту мақсатында экологиялық акция ұйымдастырылып, балалар мектеп ауласындағы жасыл желектер мен гүлдерді суғарды. Пайдалы еңбектен кейін балаларға ерекше қуаныш сыйлау мақсатында мектеп ауласында нағыз «Бауырсақ пати» (Бауырсақ мерекесі) ұйымдастырылды. Шара барысында ашық аспан астында, таза ауада ыстық бауырсақтар пісіріліп, балаларға үлестірілді. Оқушылар ұлттық тағамымыздан дәм татып, мәресіре болып, еңбек пен мерекені ұштастыра білді. Бұл күн балалардың табиғатқа деген қамқорлығын арттырып қана қоймай, ұлттық дәстүр аясында өте көңілді әрі дәмді естеліктермен ерекшеленді.




Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

7-күн – «Ұлттық ойындар күні»

7-күн лагерьде "Ұлттық ойындар күні" деп жарияланып, балалардың бойында ұлттық құндылықтар мен ата-баба дәстүрін жаңғырту мақсатында өте тағылымды шара ұйымдастырылды. Ерекше ұлттық нақышта безендірілген киіз үйдің ішінде балалар атақты «Бес асық» және «Асық ату» ойындарының ережелерімен тереңірек танысып, ойнау тәсілдерін үйренді. Оқушылар үлкен қызығушылықпен асық иіріп, өзара мергендік пен ептіліктерін сынады. Көшпенділер мәдениетінің рухын сезіндірген бұл күн балалардың логикалық ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, төл тарихымыз бен ұлттық ойындарымызға деген сүйіспеншіліктерін оятқан ерекше күн болды.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

8-күн – «Кино күні»

Лагердің бекітілген жоспарына сәйкес, кезекті 8-күн «Кино күні» аясында ұйымдастырылды.

Бұл күні балалардың бос уақытын қызықты әрі мәдени бағытта ұйымдастыру мақсатында «Азия Парк» сауда-ойын-сауық орталығындағы кинотеатрға бару ұйымдастырылды. Тәрбиеленушілер кинотеатрда өз жас ерекшеліктеріне сай қызықты кино көріп, мәдени демалыс өткізді. Шара барысында жол қауіпсіздігі мен тәртіп ережелері толық сақталып, балалар лагерьге көтеріңкі көңіл-күймен оралды.

Іс-шара сәтті өтіп, балаларға ұмытылмас әсер сыйлады.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

9-күн – «Зияткерлік ойындар күні»

Лагерьдің бекітілген жоспарына сәйкес, кезекті 9-күн «Зияткерлік ойындар күні» қарсаңында балалар арасында ауқымды «Қазына іздеу» квест ойыны ұйымдастырылды.

Ойын барысында балалар лагерь аумағында жасырылған түрлі логикалық жұмбақтар мен ребустарды шешіп, карта нұсқаулықтары бойынша берілген тапсырмаларды ұйымшылдықпен орындады.

Нәтижесінде, тәрбиеленушілер өзара ауызбіршілік пен жоғары тапқырлық танытып, жасырылған «қазынаны» сәтті тауып шықты.

Шара соңында белсенділік көрсеткен барлық қатысушылар арнайы мақтау қағаздарымен марапатталды. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, өз мақсатына жетті.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А

## АНЫҚТАМА

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері

10-күн – «Өнерпаздар күні»

Лагерьдің соңғы күні жоспарға сай «Өнерпаздар күні» аясында ұйымдастырылып, лагерьдің ресми жабылу салтанаты өтті.

Мерекелік шара барысында әр топтың тәрбиеленушілері өз өнерлерін ортаға салып, дайындаған ән-билерін жоғары деңгейде көрсетті. Салтанатты жиын соңында лагерь өміріне белсене қатысқан әр топтың балалары арнайы мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Жабылу салтанаты өте әсерлі өтіп, балаларға ұмытылмас ерекше көңіл-күй сыйлады.



Жауапты лагерь басшысы Бекетанова Н.А